

**Түркістан облысы Қазығұрт ауданды
білім бөлімінің
М.Әуезов атындағы жалпы білім беретін мектеп КММ**

**Әлеуметтік педагогтың
жылдық есебі
2024 – 2025 оқу жылы**

А.А.Жолдасбаева

Үлгілі 2025 ж.

жылдың 30 қыркүйегінде аяқталды. Акцияға ауыл кәсіпкерлері мен ата – аналар тартылды. Акцияның ұраны: **ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА!**

Қазақстан Республикасының әрбір азаматы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды мектепке дайындауда атаулы көмек көрсетуде азаматтық белсенділік таныта алады, оның мектепке жолы қуанышты болуы үшін әрбір балаға шынайы қамқорлықпен назар аудара алады.

Акцияға үлес қосқан кәсіпкерлер өзінің қаражатынан Жолаев Файзулла 1 отбасындағы 2 оқушыны, Оразбаев Сәкен және Тұрсынәлиев Нұрдаулет 1 отбасындағы 3 оқушыны, Тасай Аманбай 1 отбасындағы студенттің колледждегі оқу ақысын төлеуге және 6 қыз балаға, 6 ұл балаға мектеп сөмкесімен, Исаев Бек 1 отбасындағы 1 оқушыға мектеп киімдері және қажетті кеңсе заттарымен қамтамасыз етті. Басқа да кәсіпкерлер қаржылай көмек қолын созып, жиналған қаржыға тұрмыс жағдайы төмен отбасылардан шыққан оқушыларды анықтап, зерттеу актісі жасалып, 13 оқушыға мектеп киімдері және кеңсе заттары табысталды.

Кәсіпкерлерден жалпы суммасы 270 000 тенге қаржы жиналды. Ата- аналар комитетінің төрағасы Дәндібаев Айдос пен мектептің әлеуметтік педагогы А.Жолдасбаева қаржының жұмсалуды жөнінде есеп берді.

Акцияның мақсаты - аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу.

2024-2025 оқу жылының I-жарты жылдығында мектебімізде жалпы 152 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. Оның ішінде 1-4 сынып аралығындағы 145 оқушы тегін ыстық тамақпен тамақтанса, ал 5-11 сынып аралығындағы 7 оқушы 1% қор есебінен ыстық тамақпен қамтылды. II-жартыжылдықта 153 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылды. Тегін ыстық тамаққа өтінім берген ата-аналардың құжаттары толығымен жиналған. Мектеп асханасы жаңа оқу жылына, оқушыларды ыстық тамақпен қамтуға толық дайын, бракераж комиссиясыны тексеру жүргізді. Күнделікті оқушыларға берілетін тамақ сапасы мен құрамы, және оқушылардың толық тамақтануы бақылауда.

Мектепшілік «Күзгі асар» жәрмеңкесінен 95.000 қаржат жиналып, ол қаржыдан үш оқушыға қыстық аяқ киім , және үйде оқитын оқушыға жаңа жыл мерекесіне смарт сағат алынып берілді.

Жеке кәсіпкер Ертаев Сырымның қолдауымен аз қамтылған он отбасының 11 баласына қыстық киімдер, аяқ киімдер алынып берілді.

Мемлекет есебінен қыстық киімге қаралған қаржыдан, аз қамтылған, жартылай жетім, мүгедектігі бар балаларға қыстық киімге 10 отбасыға 30.000 теңгеден қаржы берілді. Жалпы суммасы 300 000 теңге қаржы ата – аналардың есеп счётына аударылды.

Мектептің әлеуметтік педагогы қаржының жұмсалуды жөнінде, мәліметтерді жинақтап, зерттеу АКТ – сын жасап қойды.

Жыл сайын әр өңірде өтетін Қазақстан Республикасы Президентінің атынан балаларға арналған «Қош келдің, Жаңа Жыл!» атты жанажылдық шырша мерекесіне мектебімізден 2 оқушы қатыстырылды. Оқушыларға Президентіміздің атынан құттықтау хат, тәттілер берілді.
<https://www.facebook.com/share/p/FvhpcNz4ZN3W57fW/?mibextid=xfxF2i>

НАУРЫЗНАМА ОН КҮНДІГІ аясында 15 – наурыз қайырымдылық күніне орай әлеуметтік педагог А.Жолдасбаева және ұйымдастырушы педагог Р.Жасузахованың ұйымдастыруымен «Мейірімді жүрек» акциясын мектепте ұйымдастырып өткізілді. Акцидан түскен қаржыға жартылай жетім бір отбасындағы екі оқушыға аяқ киім алып берілді.

<https://www.facebook.com/share/v/jE4nEd7hF5crxVUJ/?mibextid=xfxF2i>

2025 жылдың жазғы демалысына аз қамтылған отбасы балаларына арналған қала сыртындағы жазғы сауықтыру лагеріне 39 жолдама, Қазақстан халықтар қоры есебінен 2 оқушыға жолдама бөлінді. Мектеп ішілік жазғы лагерьге 100 ден астам оқушы ұйымдастырылуда.

Әлеуметтік педагог:



А.Жолдасбаева.